

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№2 хаттамасы

Түркістан қаласы

18.10.2024 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы PhD., Қ.Қалдыбай, кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова және ОПК.

Күн тәртібінде:

1. Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту
2. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылау
3. 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау
4. ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау.
5. Әр түрлі мәселелер

1-мәселе бойынша: Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Қ. Қалдыбай сөз алып, 2024–2025 оқу жылында факультет профессор-оқытушылар құрамының қысқы сессияға арналған емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын әзірлеу барысында олардың пәннің оқу нәтижелерін қаншалықты деңгейде меңгергенін анықтауға бағытталуын ерекше назарға алуды ұсынды. Сонымен қатар, сұрақтардың оқу бағдарламасының мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкестігін, студенттердің сыни ойлау, талдау және практикалық дағдыларын бағалай алатындай етіп құрылуын атап өтті.

Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауенов, PhD, М. Исаев және PhD, Ф. Камалова сөз алып, 2024–2025 оқу жылындағы қысқы сессияда білім беру бағдарламалары бойынша әзірленген емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын ұсынды. Талқылау барысында сұрақтардың мазмұны мен құрылымына қатысты ескертулер мен толықтырулар енгізіліп, олар оқу-әдістемелік талаптарға сай деп танылды.

2-мәселе бойынша: Факультет деканы С. Абжалов сөз алып, кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында әр кафедраның өз әлеуметтік желілерін белсенді жүргізу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, факультет оқытушылары мен білім алушылардың кәсіби бағдарлау іс-шараларына, мектептермен және өңірлік ұйымдармен бірлескен кездесулерге белсенді қатысуын қамтамасыз ету тапсырылды. Әр кафедраға өз бағыты бойынша «Ашық есік күнін» ұйымдастыру, кәсіптік бағдар беру материалдарын жаңарту және мамандықтардың артықшылықтарын насихаттау міндеті жүктелді.

3-мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауенов, PhD, М. Исаев және PhD, Ф. Камалова сөз алып, 2024–2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылу барысын баяндады. Талқылау барысында бағдарламалардың мазмұнына енгізілген жаңартулар, атап айтқанда «Жасанды интеллект негіздері», «Академиялық жазба» және «Икемді дағдылар» сияқты жаңа пәндердің енгізілуі атап өтілді. Сондай-ақ практик мамандарды сабақ процесіне тарту мен тәжірибелік бағыттағы пәндердің үлесін арттырудың маңыздылығы айтылды. Комитет мүшелері бұл жаңартулардың білім сапасын арттыруға және түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталғанын атап өтті.

4-мәселе бойынша: комитет төрағасы Қ.Қалдыбай сөз алып: Теология факультетінен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» конкурсына төменде көрсетілген ОПК ұсынды:

№	ОПК толық аты жөні	Кафедрасы	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс өтілі	Туылған жылы	Телефон нөмірі (ватсапқа тіркелген)
1	Исаев Мухтар Сейтханұлы	Философия	PhD, аға оқытушы	15 жыл	12.11.1983	+7 705 684 7513
2	Шадинова Гульзира Абиласановна	Философия	филос, ғ.к., аға оқытушы	28 жыл	19.06.1975	+7 705 722 1867
3	Шылмамбетов Саян Турысбекович	Философия	PhD, аға оқытушы	15 жыл	04.04.1987	+7 778 255 2278
4	Кенжетаев Досай Тұрсынбайұлы	Дінтану	филос.ғ.д., профессор	21 жыл	21.02.1968	+7 701 479 96 70
5	Камалова Фэриде Болатқызы	Дінтану	PhD, аға оқытушы	8 жыл	30.04.1990	+7 775 714 83 13

5-мәселе бойынша (Әр түрлі мәселелер):

5.1 Факультет деканы С. Абжалов сөз алып, 2024 жылғы 30 қазанда университетте өтетін II Түлектер форумының маңыздылығына тоқталды. Форум аясында Теология факультетінің түлектері мен қазіргі білім алушылардың кездесуін ұйымдастыру жоспарланғаны айтылды. Бұл іс-шараның мақсаты – түлектер мен студенттер арасындағы сабақтастықты нығайту, кәсіби тәжірибе алмасу және факультеттің беделін арттыру екені атап өтілді.

5.2 1. Бейсенов А. «Діни құқық негіздері» атты оқу құралын, Ж.Нурматов, М.Төлегенов «Имам Матуриди және қазақ ойшылдары» атты оқу құралын университет ОӘК ұсыну.

Шешім:

- 1.Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмалары бекітілуге ұсынылсын.
2. Кәсіби бағдар бойынша жұмыстар ұйымдастырылсын.
3. 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуы дұрыс жүзе асырылсын.
4. 3.Теология факультетінен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» конкурсына төменде көрсетілген ОПК ұсынылсын:
 - 1.Исаев Мухтар Сейтханұлы
 - 2.Шадинова Гульзира Абиласановна
 - 3.Шылмамбетов Саян Турысбекович
 - 4.Кенжетаев Досай Тұрсынбайұлы
 - 5.Камалова Фэриде Болатқызы
5. 5.1 30.10.2024жылы Университетімізде II Түлектер форумы келетін факультет түлектерімен білім алушылар кездесуі ұйымдастырылсын.
- 5.2 Бейсенов А. Діни құқық негіздері атты оқу құралын, Ж.Нурматов, М.Төлегенов. Имам Матуриди және қазақ ойшылдары атты оқу құралын университет ОӘК ұсынылсын.

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Қ.Қалдыбай